

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Таиланд Корольдігінің Үкіметі арасындағы ұлттық паспорттардың иелерін визалық талаптардан босату туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 14 тамыздағы № 653 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2024 жылғы 23 сәуірде Бангкокта жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Таиланд Корольдігінің Үкіметі арасындағы ұлттық паспорттардың иелерін визалық талаптардан босату туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Ескерту. Нормативтік құқықтық
актіге қоса тіркелген
халықаралық
Келісімнің мәтіні ресми болып
табылмайды. ҚР халықаралық
Келісімінің жасасқан тілдердегі
ресми куәландырылған
көшірмесін
ҚР халықаралық Келісімдерін
тіркеуге, есептеуге және
сақтауға жауапты ҚР Сыртқы
істер министрлігінен алуға
болады
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2024 жылғы 14 тамыздағы
№ 653 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Таиланд Корольдігінің Үкіметі арасындағы ұлттық паспорттардың иелерін визалық талаптардан босату туралы келісім

Бұдан әрі жеке-жеке "Тарап" және бірлесіп "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Таиланд Корольдігінің Үкіметі

Тараптар мемлекеттерінің аумағына өз мемлекеттері азаматтарының келуін жеңілдету мақсатында

Тараптардың мемлекеттері арасындағы достық қарым-қатынасты дамытуға жәрдемдесуді қалай отырып,
төмендегілер туралы келісті:

Осы Келісімде қолданылатын "жол жүру құжаты" термині мыналарды білдіреді:

- 1) Қазақстан Республикасының жарамды жол жүру құжаты Қазақстан Республикасы азаматының ұлттық паспорты болып табылады;
- 2) Таиланд Корольдігінің жарамды жол жүру құжаты Таиланд Корольдігінің азаматының ұлттық паспорты болып табылады.

2-бап

1. Бір Тарап мемлекетінің азаматтары, қолданылу мерзімі кемінде 6 (алты) айдан кем болмауға тиіс жарамды жол жүру құжаттарының иелері, екінші Тарап мемлекетінің аумағына келу, одан кету, транзитпен өту, онда уақытша болу үшін келген күнінен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын, күнтізбелік 180 (жүз сексен) күндік әр кезең ішінде жиынтығы күнтізбелік 90 (тоқсан) күн болатын кезеңге визалық талаптардан босатылады.

2. Егер осы баптың 1-тармағында көрсетілген адамдар екінші Тарап мемлекетінің аумағында күнтізбелік 30 (отыз) күннен артық болуға ниет білдірсе, осы Тарап мемлекетінің заңнамасы мен қағидаларына сәйкес талап етілетін тиісті виза алуға тиіс.

3-бап

Осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген адамдар екінші Тарап мемлекетінің халықаралық жолаушылар қатынасы үшін ашылған кез келген өткізу пункттері арқылы екінші Тарап мемлекетінің аумағына келе алады, одан кете алады немесе транзитпен өте алады және осы Тарап мемлекетінің келуге, кетуге және транзитпен өтуге қатысты заңнамасы мен қағидаларын сақтауға тиіс.

4-бап

Осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген адамдар екінші Тарап аумағында болған кезеңінде оның заңнамасы мен қағидаларын құрметтеуге тиіс.

5-бап

Әрбір Тарап өзінің заңнамасы мен қағидаларына сәйкес екінші Тарап мемлекетінің өзі қоштайматын азаматтарының келуінен бас тарту немесе олардың өз мемлекетінің аумағында болу мерзімін қысқарту немесе тоқтату құқығын өзіне қалдырады.

6-бап

Осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген, еңсерілмейтін күш мән-жайларына байланысты екінші Тарап мемлекетінің аумағынан келген күнінен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде шыға алмайтын адамдар өздерінің болу мерзімін қабылдаушы Тарап мемлекетінің заңнамасы мен қағидаларына сәйкес ұзартуға міндетті.

7-бап

1. Тараптар осы Келісімге қол қойылған күннен кейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей дипломатиялық арналар арқылы осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген жарамды жол жүру құжаттарының үлгілерімен алмасады.

2. Жаңа жол жүру құжаттары енгізілген немесе қолданыстағыларына өзгерістер енгізілген жағдайларда Тараптар бұл туралы бірін-бірі дереу хабардар етеді және осындай жол жүру құжаттары ресми енгізілгенге немесе өзгертілгенге дейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын дипломатиялық арналар арқылы олардың үлгілерін, сондай-ақ олардың қолданылуына қатысты ақпарат жібереді.

8-бап

1. Кез келген Тарап ұлттық қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп немесе қоғамдық денсаулық сақтау пайымы бойынша дипломатиялық арналар арқылы екінші Тарапты жазбаша хабардар ету жолымен осы Келісімнің қолданысын уақытша, ішінара немесе толық тоқтата тұруға құқылы. Мұндай жағдайда осы Келісімнің қолданысы осындай хабарлама алынған күннен бастап 48 (қырық сегіз) сағат өткеннен кейін немесе аса қажет болған жағдайда мүмкіндігінше тезірек тоқтатып қойылады. Тараптар осы Келісімнің қолданысы уақытша, толық немесе ішінара қалпына келтірілетін күнді дипломатиялық арналар арқылы келіседі.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес осы Келісімнің қолданысын тоқтата тұру осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген, осы Келісімнің қолданысын тоқтата тұруды жүзеге асыратын Тарап мемлекетінің аумағында жүрген адамдардың құқықтарын қозғамайды.

9-бап

Осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға байланысты туындайтын кез келген келіспеушілік Тараптар арасындағы консультациялар немесе келіссөздер арқылы шешіледі.

10-бап

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөліктері болып табылатын және жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

11-бап

1. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жарамды және дипломатиялық арналар арқылы оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің аяқталғаны

туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң күшіне енеді.

2. Тараптардың әрқайсысы осы Келісімді бұза алады, бұл туралы екінші Тарапты дипломатиялық арналар арқылы жазбаша нысанда хабардар етеді. Мұндай жағдайда осы Келісімнің қолданысы екінші Тараптан осындай хабарлама алынған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен кейін тоқтатылады.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН өзінің тиісті Тараптары лайықты түрде уәкілеттік берген төменде қол қоюшылар осы Келісімге қол қойды.

2024 жылғы "23" сәуірде Бангкок қаласында әрқайсысы қазақ, тай және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды, барлық мәтіндер бірдей теңтүпнұсқалы. Осы Келісімнің мәтіндері арасында қандай да бір алшақтық туындаған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтіннің күші басым.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Таиланд Корольдігінің Үкіметі үшін